


# ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## январь-август 2023 г.



**124,3**  
МЛРД ТГ



**119,8%**  
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

**\$83,5**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 92,6%  
ОТП 7,4%




**РЫНОК**

**\$2 395,9**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2023 ж. қаңтар-тамыздағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-тамызда 124,3 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен **28% жоғары**. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады.

Текстиль бұйымдары өндірісінде (+37%), киім (+19,5%), былғары және оған жататын өнім (+13,2%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2022 жылғы қаңтар-тамызда 2023 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда **119,8%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде байқалады (**135,9%**), алайда, киім (**99,8%**), былғары және оған жататын өнім (**90,6%**) өндірісі секторларында төмендеу болды.

**Текстиль өнімі өндірісінде (+35,9%)**: ең жоғары өсу төмендегі тауарларда болды: кілемдер және тоқыма еден жабындары *17,6 есе*, мақта жіп *6 есе*, түкті маталар және арнайы маталар *4,6 есе*, киімнен басқа тоқылмаған материал және тоқылмаған материалдардан жасалған бұйымдар *3,5 есе*, төсек орын жабдығы *2,1 есе* және т.б.

**Киім өндірісінде (-0,2%)**: максималды төмендеу осы сектордың төмендегі тауарларында байқалады: трикотаждан басқа, әйелдерге немесе қыздарға арналған мақта блузкалар, жейделер және дене жейделері *99,4%*, басқа тоқыма материалдарынан жасалған әйелдерге немесе қыздарға арналған тоқылған жылы күртешелер (шаңғы күртелерін қоса алғанда), желбегейлер, жел қорғағыштар және ұқсас бұйымдар *99,2%*, әйелдерге немесе қыздарға арналған мақтадан тоқылған шалбар мен бриджилер *98,6%*, әйелдерге немесе қыздарға арналған трикотаж блузкалар, жейделер, дене жейделері *97,1 %* және т.б.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (-9,4%)**: максималды төмендеу мына тауарларда орын алды: ерлерге арналған үстіңгі жағы жасанды былғарыдан көшеге арналған аяқ киім (етік, бәтеңке, туфли) *85,9%*, түксіз ірі қара мал терісінен жасалған былғары *70,1%*, тұмсықты қорғайтын металл қалпақтары бар аяқ киімді қоспағанда резеңкеден немесе полимерлі материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім, *43,5%*, басқа топтарға қосылмаған арнайы аяқ киім *31,7%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 83,5 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **82,4% жоғары**. Экспорт жеткізулердің өсуі киім тауарларында *3,3 есе*, былғары және оған жататын өнімде *2,6 есе*, текстиль өнімдерінде *8,1%* байқалады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Қырғызстан.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **импорт көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 2 395,9 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **84,3% жоғары**. Импорт жеткізулердің ұлғаюы жеңіл өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары

(+51,1%), киім (+99,7%), былғары және оған жататын өнім (+90,2%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР жеңіл өнеркәсібі нарығының көлемі **2 588,5 млн АҚШ долл.** (1 165,3 млрд теңге) құрады, онда ОТӨ үлесі 7,4%, импорт өнім үлесі – 92,6%.

Сала бес өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Шымкент қ., Түркістан облысы, Алматы қ., Алматы облысы және Ақмола облысы. Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінің 18,5% құрайды.

Түркістан облысында – 15,5%, Алматы қ. – 8%, Алматы облысында – 7,2% және Ақмола облысында – 6,7%.